

ӘОК 130.2

П. НОРАНЫҢ «ЕСТЕЛІК ОРЫНДАРЫ» ЕҢБЕГІНЕ МӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ

Абдуллина Жансая Хайратовна

zhansaya.abdullina@mail.ru

Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ

«Мәдениеттану» мамандығының 4 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – А. Рамазанова

Пьер Нора 1931 жылы Францияда Парижде туылған. Ол Морис Хальбвакс зерттеулерін жалғастыруда және естелік орындары концепциясының авторы. «Франция-память» атты ғылыми текст жинақтары Пьер Нораның төрт бөлімін құрайды. Естелік орындары тұжырымдамасын Пьер Нора ХХ ғасырдың 80-ші жылдары ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың жаңа тәсілі ретінде ұсынды. Францияның ұлт бейнесіне зақым келтірілген салдарынан ХХ ғасырдың ІІ ж. дәстүрлі тарихи модель жойылды деп есептеген. 1984 жылы Нора өзінің тарих-жады тұжырымдамасын ұсынды. Ұлттық бірегейлік мәселесі әлі күнге дейін Францияның жетегінде жүргендіктен өте өзекті болып табылады. Францияда ХХ ғасырдың естелік орындары атты үш тұжырымдамалық құрылымы бар. Морис Хальбвакстың «Жадының әлеуметтік шеңбері», Пьер Нораның «Естелік орындары» және Пол Рикёрдың «Жады, тарих, ұмыту». Нора жадының қозғалысы «мемориалдық дәуір» деп аталды. Оның пайда болуы мен өзектілігі екі құбылыспен байланысты: уақыт және тарих. Тарих жеделдетуілде, одан жойылған өткенді шығарып тастады, тарихи уақыттың бірлігі бұзылды. Осындай дәуірдің басталу себебін Нора тарихты демократияландыруда көрді.

Естелік орындары кітап кіріспесінде Пьер Нора екі ұғым арасындағы қарым-қатынас тарихын ұсынады. Нора өзін естелік сақтаушысы, әрі тарихшысы деп біледі. Шынайы жады пен Францияның әртүрлі символдық нысандарын қолданып, Франция тарихын жады арқылы құруға бағытталған. Ұлттық жадының жоғалу себебі: Франция бастапқыда монархия ретінде құрылған, кейін Республикада күшейтілген, соның есебінен локальды жады түрлері пайда болды және әрқайсысы өз тарихын қажет етті [1]. Нора тарих пен жадыны қарама-қарсы қойып салыстырады. Жады-тірі әлеуметтік топтар тасымалдаушы болатын өмір, үнемі эволюция процесінде және амнезия диалектикасына ашық. Тарих-әрқашан проблемалы, жоқ нәрселерді қайта құру процесіне ашық. Жады - әрқашан өзекті құбылыс, тарих - өткеннің бейнесі. Жады - абсолют, тарих - тек салыстырмалы түрде. Осылайша естелік орындары мәселесі туындайды.

Екінші бөлім «тарих-жадының соңы», бұл жерде тарих пен жады арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы туралы айтады. «Олар жады туралы көп айтады, өйткені ол енді жоқ» [1]. Мысал ретінде шаруаларың жойылып кетуін еске түсіріп көрейік, бұл негізінен ұжымдық жады болып есептеледі. Ол қаншалықты жадымыздың құлдырауы үшін маңызды. Осы жерде жады амнезиясы орын алады, яғни бүкіл әлем жаһандану, демократияландыру процестеріне еніп, жады үшін маңызды жайтты естен шығарып, жаңа нәрсені қабылдап алуға дайын. Жады

өзінің табиғаты бойынша көп,ұжымдық және жеке. Ал тарих бәріне және ешкімге тиесілі. Естелік орындары-қалдықтар. Бұл тарихта коммеморативті санасы бар форма. Әлемнің деритуализациясы бұл сөздің пайда болуына септік [1]. Естелік орындарын: мұрағаттар,мерейтой және мереке құру және ұйымдастыру керек. Олар табиғаттан туатын нәрсе емес.

Пьер Нора естелік орындарын екіге бөледі: ұлттық немесе әкімшілік билікке байланысты және баспана орындары,қажылық әрі қасиетті орындар. Екі орындардың айырмашылығы мыналы:біріншіге азаматтар еркінен тыс барады, ал екіншісіне адамдар өз еркімен барады. Қазақстанмен паралель жүргізетін болсақ, мысалы Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақ елі» немесе «Отан қорғаушыларға» атты монументтер мемлекет тарапынан құрылған, ол жерге адамдар өз еріктерімен бара қоймайды. Әкімшілік тарапынан кейбір мереке күндерін тойлау үшін халықты шақыру және үгіттеу жұмыстары атқарылады. Ал «Қожа Ахмет Яссауи кесенесі», «Алаша хан кесенесі», «Жошы хан кесенесі» халық үшін баспана орындары болып табылады. Қасиетті, рухани не қажылық жерге өз еркімен барады. Халық арасында киелі деген мәнге ие жерлерге мемлекет не әкімшілік үгіттеу жасамайды.

Жадыны да екіге бөледі, тарихи және әдеби жады. Яғни біз Қазақстанның тарихи жадысы деп соғысқа қатысушыларды, қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, қайғылы жағдайлармен байланысты лагерьлер тарихын жатқызамын. Қазіргі Қазақстан алаңы тарихи жадыға толы. Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Біз бүгінгі күнімізді өткен жүзжылдықтың қазақ халқы үшін қасіретті беттерінің бірі болған саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарының рухына тағзым етуден бастап, тарихымыздың қилы кезеңдерін ой таразасына салып, саралауға арналған «Тарихи жады және тағылым рухани жаңғырудың негізі» атты конференция өткізген» [2]. Ал әдеби жадыға ұлы ақын жазушылардың оқулықтары, хрестоматия және кітаптар жатады.

Өте ауқымды «Ұлт-жады» атты бөлімінде Францияның төрт ұлттық жады типін атайды. Король-жады, мемлекет-жады, ұлт-жады және азамат-жады. Бірінші ұлттық жады типіне феодалдық монархияны және мемлекет күшеюі кезеңін жатқызады. Қазақстанға оралатын болсақ, біз Қазақ хандығы кезеңін жатқызуға болады. Себебі Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымы дала демократиясына негізделген монархия болды. Францияды мемлекет басшысы - король болса, Қазақ хандығында-хандар. Әлі күнге дейін қоғам естелігінде қазіргі Қазақстан алғышартын қойған мемлекет. Екінші типке абсолютті монархия жатады. Версаль бұған иллюстрация. Яғни,Францияның өте әсерлі бейнесіне көрсете білетін жады. Үшінші тип Революция уақытында өздерін жариялаған және сақтаған француздар деп біледі. Ұлт үшін ең басты кезең. Ұлт біртұтас жоба ретінде өз жадын зерттеу мен сақтау құралдарын-мұражай, ғалымдар қоғамын,архивтерді және ұлттық кітапхана құруда. Төртінші тип республикалық синтезге ие. Ұлт-жадының жалғастырушысы. Оның әлеуметтік және азаматтық тамырлануы. Жады-Ұлт.

Франция – статоцентрлік ұлт. Өзін мәдени емес, экономикалық емес саяси сфера арқылы ғана біле алады. Барлық төрт типті біріктіруші осы. Ғасырлар бойы ұлтшылдық француздардан ұлтты жасырды. Ал қазіргі уақытта оның бәрі артта қалды,ұлттың әлемге ашылуы орын алды. Ұлттық бірегейліктен бет бұрып,азаматтық қоғам орын алды. Бірақ бұл қазіргі Франция үшін өте ауқымды мәселе,нағыз француздардың азайып баруы[1].

Нора символдық бөлек саладан шыққаннан бастап, Францияның өзін тұтас символдық ретінде анықтасақ,мүлдем басқа тарихқа ашық боламыз деген пікір салды. Нұр-сұлтан қаласы бізге бір символмен есімізге келеді, ол - Бәйтерек. Демек біз тек қана белгілі бір бөлек символмен емес, Нұр-сұлтан қаласын өзін символ ретінде қарастыруымыз керек. «Жошы хан кесенесі» не «Алаша хан кесенесі» дегенде бізге Ұлытау өңірі ойымызға келеді. Тарих-дәстүр емес,оның құрылуы және таралуы. Яғни, мәдениет жиынтығы ол тұтас тарих бола алмайды,оның мәні,мағынасы және келбеті бола алады. Сонымен бұл Пьер Нора бойынша ремоморация феномені деп аталады.[3]

Жады - естелік емес, ол өткен мен болашақты басқару кілті. Францияның ұлттық идеясы мемлекет билігінің мықтылығында. Естелік орындарын зерттейтін ең басты нәрсе, ол коммеморация. Естелік орындары-коммеморация феноменін жарықтандыратын құрал. Францияның коммеморация дәуірі-1968 жылғы мамыр айы. Франциядағы әлеуметтік дағдарыс, солшыл студенттік митингтерден басталып, 10 миллионға жуық ереуіл орын алды. Ереуіл үкіметтің өзгеруіне, Шарль де Гольдің биліктен кетуіне әкелді [1]. Екі елдегі оқиғаны сәйкестендіруге болады. Қазақстан үшін 1986 жылғы желтоқсан көтерілісі дәл осындай мәнге ие болды. КСРО үкіметінің отаршылдық, әкімшіл жүйесіне қарсы наразылық іс-қимылдары. Оқиға өзі үшін оқиға болып қалады. Оның қаншалықты өкінішті не жақсы екенін қоғам есептейді. Мысалы, Желтоқсан оқиғасы тарихта орын алады, ол өзі үшін - оқиға, халық үшін - естелік, жады және қоғам үшін - өкініш. Сонымен де, тарихта болып өткен барлық оқиғаларды біз ұлттық жадымызға қоса алмаймыз.

Дәуір екі коммеморативті жадыға шектеулі болды. Бірінші байқаусыз және әдейі емес тойлау, екінші саналы түрде таңдалған тойлау. Мысалы, байқаусыз тойлауға тұңғыш Президент күнін немесе Конституция күнін жатқызамыз. Бұл мерекелерді халық таңдамайды, мемлекет тарихы бойынша болуы тиіс тойлау. Ал екінші тип, халықтың таңдауы есептелген, қоғам ішінде саналы түрде таңдалған мерекелер. Оған Наурыз, Көрісу мейрамдарын жатқыза аламыз. Кеңес Одағы кезінде басқа едерге қарағанда, капиталистік елдерде мерекелер мен демалыс күндері көп. Еңбекті бағалау идеясы жүргізілді, жұмысын атқарады-соған байлынысты демалады.

Естелік жады мен тарих ойынымен, екі фактордың өзара әрекеттесуімен жасалады. Бұл олардың өзара анықталуына әкеледі. Ең бастысы есте сақтау үшін ерік болуы тиіс. Егер біз еске түсіру және сақтау критерийінен бас тартсақ, біз барлық нәрсені есте сақтауға лайықты деп тануға бет бұрар едік. «Естелік орындары» тұжырымдамасы аяқталғаннан кейін шамамен 10 жыл өткен соң, 2002 жылы «Transit» журналында Пьер Нораның «Барлығы-естелік орындарының бейбіт салтанаты» атты мақаласы жарық көрді. Бұл жұмыста ол жады пен тарихтың өзектілігі, сондай-ақ тарихи қайта құру мәселесі туралы көзқарасын толықтырады. Нора өткенді қалпына келтіру процестері байқалады, мемориалдық іс-шаралар, мұражайлар көбейіп, Франция «Естелік» дәуіріне бірінші болып кірді деп жазды. [1]

Сонымен, антитеза: бір жағынан, толығымен тәжірибеге енген жады, екінші жағынан, тарих таза сыртқы жылдамдық, сыртқы уақыт, өткенді экзистенциалды тәжірибесінен тыс қалпына келтіруге арналған "дерексіз білім" ретінде. Бұл біздің өткенге деген көзқарасымыздың екі өлшемі, олар бір-біріне сәйкес келмейді. Соңғы бөлімінде Пьер Нора Францияның билігіне солшылар келгенін ескереді. Жалпы "оң" және "сол" терминдері француз революциясының басында пайда болды және депутаттардың Парламентте орналасуын білдіреді. Оң жақта отырғандар ескі тәртіпті монархия, ақсүйектер және мемлекеттік дін сақтауды жақтады. Ал сол жақта отырғандар бұған қарама-қарсы идеяны ұстанды. Сол жақтың билікке оралуының өзі коммеморативті мәнге ие. Коммеморация Францияның сол жақтарының ісі.

Осылайша, Пьер Нораның зерттеулерінде Морис Хальбвакс және Пол Рикёр тұжырымдамалары айқын көрінеді. Сонымен бірге, Нора жаңа теория құрып, «естелік орындары» жобасын сәтті жүзеге асырды. Нора ұсынған тарихи қайта құру әдісі бүгінде өткеннің көптеген фактілеріне басқаша қарауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, «есте сақтау орнын» зерттеу ұжымдық жадының табиғатын, ондағы тұлға мен оқиғаның ролін және оның тарихпен шекарасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Пьер Нора, Мона Озуф, Жерар де Пюимеж, Мишель Винок. Франция-память: Между памятью и историей. Проблематика мест памяти. - СПб.: «Издательство Санкт-Петербургского университета», 1999. - С. 17-28.

2. Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан Республика Президентінің ресми сайты.

З.Р.Ю. Сабанчев. Гуманитарные исследования в Восточной Сибири и на Дальнем Востоке // Концепция «мест памяти» П. Нора как способ исторической реконструкции, 2018. - 37с.